

Жыл адамы-2015

Бұқаралық ақпарат құралдары саяси процестердегі ең ықпалды құрылымдардың бірі және саяси сахнадағы негізгі құрал болып табылады. Сондықтан баспасөз, радио мен теледидар қоғамға ықпал ететін және жанама түрде тәрбиелейтін мықты институт.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарымен, сонымен қатар теледидар, радиомен белсенді тығыз қарым-қатынаста іс-шаралар атқаруда.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы республика, облыс тұрғындары оқу ордамыздың күнделікті тыныс-тіршілігімен, білім нәрін алып жатқан курсанттар арасында өткізілген әртүрлі мәдени-көпшілік және спорттық шаралардан хабардар.

Ағымдағы жыл барысында Академия басшылығы, профессорлық-оқытушылар құрамы және курсанттар «Қазақстан- Қостанай» ОТРК телеарнасы арқылы білім, ғылым, тәлім-тәрбие саласында және республикалық, облыстық, өңірлік деңгейде өткізілген іс-шараларға белсене қатысып, оқу ордасының беделін көтеріп, өздерінің жетістіктерімен танылуда.

«Қазақстан-Қостанай» ОТРК телеарнасының ұжымы 2015 жылдың 23 желтоқсан күні ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызыловқа «Жыл адамы-2015» атағын беріп, белгісін табыс етті.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Қазақстан- Қостанай» ОТРК телеарнасының ұжымына алдағы уақытта жаңа ізденістер, тың жаңалықтар, шығармашылық табыстар, қаламдарыңызға қызықты тақырыптар, кәсіптеріңіздің өрлеуіне сәттілік тілеймін!» -деп жылы лебізін білдірді. Бұл оқу ордасы үшін, маңызды да қуанышты күн болды.

Профессорлық- оқытушылар құрамы, қызметкерлер және курсанттар Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызыловты «Жыл адам-2015» атануымен құттықтап, беделді басшының жана бастамаларын жүзеге асыруда табыс тілейді.